

Мектеп тарихы

«Болашақ» мектеп гимназиясы 1973 жылы іске қосылған, оған В.И. Ленин есімі беріліп, 45 сынып жасақталып, онда 1207 оқушы қазақ-орыс сыныптарында білім алды. 1973-2022 жылды аралығында мектепті 6217-ге жуық түлек бітіріп шықты. Бітіріп шыққан түлектер тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып, түрлі салада қызметтер атқаруда. «Болашақ» мектеп гимназиясы 1991 жылы «Эксперимент алаңы» ретінде жұмыс істеп, 1995 жылы қазақ тілінде оқытатын гимназия статусын алды. Бұл жылдары мектеп жаңашыл мектептердің қатарына қосылып, гуманитарлық бағытта қазақ тілі, тарих пәндерін жаңа үрдіспен оқыта бастады. 2000 жылы мамыр айында мектеп-гимназияның 5 жылдық мерейтойы атап өтілді. Осы іс-шараға байланысты мектебімізде тарих және география әдісбірлестігі мүшелерінің ұйымдастыруымен «Өлкетану» мұражайы ашылды.

2023 жылы мектеп-гимназияға Тұрсынқұлов Қалаубек есімі берілді.

Барлық мұғалімдер саны-170

Мектепалды даярлық тәрбиешісі-5

Кітапханашы-2

Жоғары санат-5

«Педагог-шебер» -9

«Педагог-зерттеуші» -52

«Педагог-сарапшы» -40

«Педагог-модератор» -37

Санатсыз-22

Мектептің өсіп өркендеуіне әр жылдары басқарған директорлардың орны ерекше.

Мектепті басқарған азаматтар:

1.Шнейдер И.М

2.Каюпов Б

3.Кенжебаев Т

4.Таспалтаев А

5.Клинк А.А

6.Тасқұлов М О

7.Көпеев Ө.Б

8. Нұрқұл Жанат Қаныбекқызы



Бүгінгі таңда Қ. Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназияны Каримов Смадияр Махмұдұлы басқарып келеді.

Уақыт талабының өзгеруіне байланысты жаңа педагогикалық технологиялар енгізіліп, оқушылармен жеке жұмыс істеу, дарындылықты дамыту, шығармашылыққа ерекше көңіл бөлініп дәстүрлі емес сабақ түрлері жүйелі түрде жүргізіле бастады

Қазіргі таңда мектепте 172 мұғалім жұмыс жасайды олардың 34 ер 136 әйел азаматшалар. Мектеп мұғалімдерінің орташа жасы 40 жасты құрайды.

Мектебімізде «Зерде» шығармашылық орталығы, және «Өрлеу шыңы» атты топ жұмыс жасайды. 11 әдістемелік орталық жұмыс жасайды. Орталықта «Искерлік тобы», «Жас ұстаздарға көмек тобы», «Жаңашыл мұғалімдер тобы», «Қайнар бұлақ «тәрбие орталығы», «Қызғалдақ», «Сымбат» қыздар клубтары «Ер тарғын», «Қайсар» ұлдар клубтары жұмыс жасап келеді.

«Тірек мектебі» жобасының заманауи техникалық жабдықталуы ХХІ ғасырдың негізгі дағдыларын: аналитикалық ойлау мен ІТ-құзыреттіліктен бастап зерттеу және шығармашылық қабілеттерге дейін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Мектебіміз заманауи талаптарға сай интерактивті және пән кабинеттерімен жабдықталған, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін жарқын дизайнымен ерекшеленеді.

Биология, физика, химия және информатика пәндік кабинеттерінде, STEM-зертханада барлығы оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамытуға және білім сапасын арттыруға бағытталған.

Мектебіміздің ең басты байлығы – жаңа оқу жылына толық дайын білікті педагог. Олардың әрқайсысы оқушыларға сапалы білім беруге, олардың бойындағы талантты ашуға және жан-жақты дамуына үлес қосуға дайын.

Мектептегі барлық оқушылар қосымша білім берумен толық қамтылған. Олардың арасында заманауи робототехника үйірмесінен бастап, қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін терең ұғынуға бағытталған этно-бағыттағы сабақтарға дейін бар.

Белсенді және тыныштықта демалуға арналған орындар, мемлекеттік тілдегі кітаптардың үлкен қоры бар заманауи кітапхана және спорт зал оқушылардың жан-жақты дамуына жасалған.

Оқушының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға, халқымыздың салт-дәстүрлеріне, тіліне және мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілікті дарытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Мектеп-гимназиямызда ұлт болашағын жалғастыратын , ұстаздарының мақтанышына айналған оқушылар өсіп келеді.



Жазушы , драматург, мемлекет және қоғам қайраткері Қалаубек Тұрсынқұловтың өмір баяны.

Тұрсынқұлов Қалаубек Құдайбергенұлы 1934 жылдың 25 наурызында Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Шарбұлақ ауылында туылған. 1953 жылы Қазығұрт ауданы Ленин атындағы орта мектебін бітірген. Қызылорда облысындағы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтына 1953 жылы оқуға түсіп, аталмыш институтты 1957 жылы филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 1952 жылы орта мектепте оқи жүріп, аудандық оқу бөлімінде статист, орта мектепте аға пионер қызметтерін атқарған. 1957 жылдан Ленин атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі 1959 жылы Қазақстан ЛКЖО Қаратас аудандық комитетінің бірінші хатшысы , 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан өлкелік Комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1966 жылы Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің хатшысы қызметтерін атқарады. 1969 жылы Қазақ КСР баспа ,полиграфия және кітап саудасы істер жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары , 1972 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыру жөніндегі хатшысы, 1992-1997 жылдары Мемлекеттік телерадио компаниясы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Шығармашылық жұмыспен 40 жылдан аса айналысқан Тұрсынқұлов Қалаубек Құдайбергенұлы көптеген кітаптардың авторы, Алғашқы әңгімелер мен повестер жинағы «Алысқа тартқан жол» 1969 жылы шықты. Қ. Яшеннің пьесалары, Файзидің «Айналайын атыңнан» романын, Ғұламның «Ташкенттіктер» романын, И.С. Тургеневтің «Бейбақ» , С. Даниловтың «Маңғары» повестерін, Л.Н. Толстойдың әңгімелерін және басқа да жазушылардың шығармаларын аударды. Жекелеген повестері орыс, украин, белорус, чех, өзбек, тәжік, якут, татар, башқұрт, армян т.б. тілдеріне аударған.

Жазушы драматургия саласында да жемісті еңбек етті. Оның «Кәпірзада», «Аяқталмаған ән» атты пьесалары Шымкенттің Ж. Шанин театры мен Қ. Жандарбеков атындағы Жетісай театр сахналарында қойылды. Қоғам қайраткері ретінде көптеген бастамаларға мұрындық болып Ордабасы, Домалақ Ана ескерткіштерін қайта жаңғыртуға , Саттар Ерубаев пен Орынбай Тайманов есімдерін әдебиетке оралту және Ленин ауданына «Қазығұрт» атауын беруге ат салысқан тұлға.

Тұрсынқұлов Қалаубек Құдайбергенұлы екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, екі рет Қазақ КСР жоғарғы Кеңесінің Құрмет Граматасымен марапатталған. Саха Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Саха Республикасы Мемлекеттік сыйлығы мен Эрлик Эристин атындағы әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының С.

Сейфуллин атындағы сыйлығының, өзінің туылған жері Қазығұрт ауданының «Құрметті азаматы» иегері.